



**«Өрлеу» БАҰО АҚ
Маңғыстау облысы**

**«Step by step»
технологиясының
Негізінде
ұйымдастырылған оқу
қызметін модельдеу**

**«Step by Step» технологиясының мазмұны
мен әдістемесінің ерекшеліктері**

Жоспар:

I. Кіріспе

II. Негізгі бөлім

1. Тәй - тәй технологиясының мақсаты
2. Тәй - тәй технологиясының міндеттері
3. Тәй - тәй технологиясының тиімділігі
4. Тәй - тәй технологиясының ерекшелігі



**«Баланың ынтасын арттыру үшін оқылатын нәрседен бір жаңалық болу керек»
Жүсіпбек Аймауытов**

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың халыққа Жолдауында «Кішкентай бүлдіршіндердің дамуына ықпал ететін үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы ретіндегі мектепке дейінгі білім беруге баса назар аударған жөн. Және бұл сатыны олардың шығармашылық және интеллектуалдық қабілеттерін дамытуға арналған тиімді бағдарламалармен қамтамасыз ету қажет. Әрбір балалардың білім алуға, еңбекке және қоршаған ортаға бейімі, қарым - қатынасы нақ осы кезеңде қаланатынын естен шығармауымыз керек» - деп айтылған. Мұндай педагогикалық технологиялардың жан - жақты тараған түрінің бірі «Тәй-тәй» технологиясы. «Тәй-тәй» технологиясының негізін қалаушы М.Монтессори. Монтессори педагогикасының негізі-арнайы орта құрып, онда баланың өзін-өзі дамытуына ықпал жасау. М.Монтессори: «Баланың өзіп жетілуі үшін не қажет?»-деген сұрақ қойып, оның қажеттілігі, өзіне қызмет етуге, өзін-өзі дамытуға деген ұмтылыс болып табылатынын өзі ашқан мектептерде дәлелдеп берген. Сондықтан баланы өмірге бейімдеу дамытушылық ортада жүзеге асады. Дамытушылық ортасы дегеніміз-балалардың қызығушылығын туғызатын алуан түрлі, тартымды материалдар ашық қолжетімділікте болатын, педагог жасаған зат-кеңістік ортасы; ондағы балаларды оқыту және тәрбиелеу жағдайы әрбір балаға өзінің жеке қарқынмен дамуға мүмкіндік береді.

«Тәй – тәй» технологиясының мақсаты:

- Жасытпай оқыту, сенімсіздік комплекстерін жою;
- Баланың өзін-өзі тану еркіндігімен дұрыс қарым-қатынасын дамыту;
- Мектеп ішінде өміршілдікпен өктемдікті қажет етпейтін құрылымды қолдану;
- Баланың өзіндік “Менің” анықтауға көмектесу;
- Балаларды дұрыс қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу;
- Балаларды жан-жақтылыққа, кісілікке, парасаттылыққа, имандылыққа тәрбиелеу;





Бағдарламаның міндеттері:

- Жеткіншектердің бірегей қабілетін дамытуға бағытталған айрықша тиімді әдістерді пайдалану;
- Отбасын білім беруге міндеттеу;
- Балаларды өмірге бейімдеу, өз бетінше оқып үйренуге баулу;
- Оқушылар мектептегі алғашқы күннен бастап, өміріміздегі барлық нәрсе бір-бірімен тығыз байланыста екенін түсінеді;
- Бағдарлама бойынша оқушылар әрқилы рөлдер ойнау арқылы алдына қойған мақсаттарына жетуге тырысады;
- Ойшыл ретінде балалар (әр қилы рөлдер ойнау арқылы) өздерінің жасаған іс-әрекеттеріне жауап іздеп, жаңа алған білімдер мен бұрынғы білімдерін байланыстырады;
- Кездескен қиындықтарды шешу жолында баламалы шешімдер қабылдап, қиын мәселелерді жаңалық ашу жолындағы мүмкіндіктер деп қабылдайды.

«Тәй-тәй» бағдарламасының тиімділігі :

- - Ата-ана мен мектеп арасындағы байланыс күшейтіледі;
- - Топпен жұмыс жүреді;
- - Пән аралық байланыс сақталады;
- - Ғылыми тұрғыдан оқушы зерттеуді үйренеді;
- - Оқушылардың өмірге, білімге деген қызығушылығы артады;
- - Оқушылардың өзін еркін сезіне отырып, әрбір ісіне жауапкершілікпен қарау мүмкіндігі күшейеді;
- - Оқушылар өзінің жеке ойымен бөлісуге, жолдастарының пікірін тыңдауға дағдыланады;
- - Үлкенді сыйлау, құрметтеу, сәлем беру дағдылары қалыптасады;
- - Тапсырмаларды дұрыс қабылдап, түсіне білуі артады;
- - Жүйелі сұрақ қоя білуге және оған жауап бере білуге үйренеді;
- - Оқушылардың сөздік қоры молайтып шығармашылық қабілеті дамиды.

 «Step by Step» технологиясы негізінде
белсенділік ортасын құру мен жабдықтау

- Баланың даму ортасы әрқашан өзгеріп отыруы керек
- Ал белсенді қатынасшы болып саналады 
- Осы дамытушы ортадағы бала топтардың пәндік ортасын құрудың белсенді қатынасшы баланың бойында оқу – тәрбие үрдісінің сапасын жақсарту үшін ғылыми әдістемелік, жаңа тиімді технологиялармен қарулануы қажет.



«Step by Step» бағдарламасының басқа технологиялардан ерекшелігі:

- Таңертенгі жиын өткізу;

- Орталықтарға бөлініп , ата- аналардың қатысуы арқылы шағын топпен жұмыс жасау;

- Кіріктірілген сабақтарды жүргізу;

- Ата- аналармен тығыз жұмыс жүргізу, қарым - қатынас жасау.



I Таңертенгі жиын өткізу

Таңертенгі жиын әр түрлі деңгейде (сабақтың мазмұнына қарай) өтеді.

Мұнда тәрбиеші мен балалардың бір – біріне деген жылулық қарым-қатынасы және оқушылардың өздерінің қолдарын ұстау арқылы бір-біріне деген сенімдерді артатындығы белгілі. Бір-біріне тілек айту арқылы балалардың көңіл кйінің көтерілетіндігі, бүгінгі күннің олар үшін қызықты басталатындығын байқайды.

Таңертенгі жиын балаларды сезім талдыққа, ұйымшылдыққа, табиғат құбылысымен байқағыштыққа үйретеді.

II. Орталықтарға бөлініп, шағын топпен жұмыс істеу

Орталыққа бөлудің екі түрлі әдісі бар:

Балалардың өз қалауынша бөлінуі (түрлі түстерге,
гүлдер, фигуралар арқылы
оқушының қалауынша бөлінеді)
Тәрбиешінің қалауынша бөлінеді.



Аспаздық
орталығы

Көркем
әдебиет
орталығы

Есеп
орталығы

Тіл
дамыту
орталығы

Құрастыру
орталығы

**“Тәй-тәй” бағдарламасы
бойынша орталықтар**

Өнер
орталығы

Сауат
ашу
орталығы

Ғылым
орталығы

Желілі-
ойындар
орталығы

Көркем әдебиет орталығы

- Ұлттық бұрыш (киіз үй, оның жабдықтары, ырыс-аяқтар т.б)
- Ұлттық альбомдар
- Қазақстан елі туралы альбомдар, суреттер т.б
- Астана және өз туған қаласы туралы альбомдар, суреттер т.б
- Ұлттық ойындар
- Дидактикалық ойындар
- Көрнекі құрал-жабдықтары
- Балаларға арналған кітаптар, ертегілер
- Журналдар, газеттер
- Сюжетті суреттер
- Жер шары макеті, карта
- Ойыншықтар
- Балалар кітапшалары
- Теледидар, ұнтаспа, олардың касетадары



Тіл дамыту орталығы

Сюжетті ойындар

Ұлттық ойындар

Балаларға арналған кітаптар

Ойыншықтар

Балаларға арналған дәптерлері

Көрнекі құралдар

Үлестірмелі материалдар



Сауат ашу орталығы



Әріптер мен дыбыстар кассасы
Әріптер мен дыбыстар белгілері
Сюжетті суреттер

Дидактикалық және үлестірмелі ойындар
Үлестірмелі материалдар

Текшелер

Сауат ашу сабағына арналған балалар
дәптерлері

Балаларға арналған кітаптар

Ойыншықтар



А Б В Г Д Е Ж З
И Й К Л М Н О
П Р С Т У Ф Х Ц Ч
Ш Щ Ъ Ы Ь Э Ю Я

Есеп орталығы



Көрнекілік сандар кассасы

Геометриялық пішіндер жиынтығы

Текшелер

Тақта, фланенграф, магнитті тақта, мольберт

Календарлар, сағаттар, құм сағаты, таразы, өлшеуіш
стакандар

Есеп сабағына арналған дәптерлер

Есеп сабағына арналған кітаптар

Карандаш, борлар

Шахмат, шашка

Дидактикалық ойындар

Үлестірмелі ойындар



Өнер орталығы

Сюжетті суреттер

Альбомдар (суретшілер еңбектері, шығармалары)

Бояулар, қылқаламдар, қарындаштар

Түрлі-түсті картондар, қағаздар

Ермексаздар, оларды кесетін арнайы пышақтар,
таяқшалар, балшықтар, борлар, құмдар

Суреттер көрмесі

Желімдер, қайшылар, сызғыштар, өшіргіштер т.б

Табиғи заттар

Гүлдер әлемі

Қол сүртетін, қылқалам сүртетін шүберектер т.б

Ойыншықтар



Құрастыру орталығы

Сюжетті ойын суреттер
Дидактикалық ойындар
Ұзақ үстел үсті, ірі құрылыс материалдар,
лего,
конструкторлар
Әртүрлі конструкторлар, кубиктер,
ойыншықтар
Қораптар
Мозайкалар, танограммалар, кесілген
суреттер
Табиғи заттар
Сантехникалық заттар



Желілі-рөлді ойындар орталығы

Желілі-рөлді ойындар

Киім қоймасы

Үнтаспалар мен теледидарлар



Аспаздық орталығы
Аспаздың арнайы киімдері
Оқтаулар, тақтайлар
Пышақтар
Ыдыс-аяқтар
Жеміс-жидектер
Көкөніс муляждары
Ойындар



Ғылыми орталық



III Кіріктірілген сабақтар

Кіріктірілу – бұл бір оқу мазмұнының әртүрлі саладағы жан-жақты

білімдермен тоғысуы, бір-бірімен араласып кетуі.

Кіріктірілген сабақтар

оқушыға әлем туралы, заттар мен құбылыстардың өзара байланыстары туралы біртұтас мағлұмат береді,

олар құрлысы бойынша белгілі қалыпқа сыймайды, сондай-ақ, оқу сағаттарын барынша үнемі пайдалануға мүмкіндік береді. Осы тектес сабақтарда оқушылардың бейнелі ой-өрісі дамып, пәннің жалпы мазмұнын өмірмен байланыстыру арқылы шығармашылқ мүмкіндіктері ашылады.

Кіріктірілген сабақтардың құрылымы нақтылығымен, сыйымдылығы мен, орамдылығымен, сабақтың әр саласындағы оқу материалының логикалық өзара келісімімен материалдың зор ақпараттық мүмкіндігімен ерекшеленеді.

Қорытынды



«Тәй-Тәй» технологиясы ондағы орталықтар бойынша балалар зерттеу бағытында, еркін ойнауға, өз ойын ашық білдіруге мүмкіндіктері бар. Жалпы алғанда «Тәй-Тәй» бағдарламасы баланы жан-жақты дамыту және ата-анамен тығыз байланыс орнату секілді екі бағытта жұмыс жасайды. Ең негізгісі ата-аналардың оқыту процесіне еркін қатысуларына жағдай жасалады.

**Назар қойып тыңдағандарызға
рахмет!**

